

Сандықтау аудандық мәслихатының "Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қафидасын бекіту туралы" 2013 жылғы 26 тамыздағы № 17/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 23/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 мамырда № 4153 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 29/10 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 26.12.2014 № 29/10 (қол қойылған кейін күшіне және қолданысқа енеді) шешімімен.

Р К А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес Сандықтау аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ETTI:

1. Сандықтау аудандық мәслихатының «Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) түрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы» 2013 жылғы 26 тамыздағы № 17/2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3808 тіркелген, «Сандықтауские вести» аудандық газетінде 2013 жылдың 04 қазанда жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген, Сандықтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1 тармағының бесінші азат жолы алынып тасталсын;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«2. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) түрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін аборенттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғауы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстасуға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстасуға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстасуға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен

көрсетіледі.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін аборенттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғауы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстасуға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шекті жол берілген шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді.»;

10 тармақта:

3) тармақша жаңа редакцияда баяндалсын:

«3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;»;

6) тармақша жаңа редакцияда баяндалсын:

«6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстасуға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшерлері туралы шоттар;».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық
сессиясының
аудандық

мәслихат
төрағасы
мәслихат

хатшысы

С.Клюшников

КЕЛІСІЛДІ

Сандықтау ауданының әкімі

E.Сағдиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК